

Достықты достық шақырады

Мақсаты : Оқушылардың бір – бірімен қарым –қатынасын жақсарту негізінде оларды адалдыққа , достыққа , шындыққа , тәрбиелікке үйрету.

Сәлемдесу. Менің тренингті кесімім.

Шарты: Топ дөнгелек болып отырады, қатысушылар кезекпен сәлемдесіп, әр оқушы есімін айта отырып, өз бойындағы жақсы қасиеттерді қоса айтады.

Жүргізуші оқушылардың бойында табылған нақты қасиеттерді саралап, қортындылай келе тренинг сабақтың ережесін түсіндіреді.

ЕРЕЖЕ:

Құпиялылық

Бір-бірімізді тыңдаймыз және сөзді бөлмейміз

Белсенді боламыз

Бір-бірімізге ренжімейміз

«қазір» және «осында» принципі

Ертегі терапиясы

Оқушыларды екі топқа бөлеміз. Екі топқа арнайы ертегілер беріледі, оқушылар сол ертегілерді қарсылас командаға мимикамен, жеспен түсіндіріп жеткізу керек. 1 ертегі: Қарлығаш ертегісі. 2 ертегі: Шалқан ертегісі

" Ұқсастықшегі ." жаттығуы

Шарты :Қатысушылар жұптасып отырады , А 4 қағаз беті және қалам қажет . Жанындағы жұбына қарап ,ұқсастықты тауып , " Біздің ұқсастығымыз ." деп А 4 қағаз бетіне жазады . Ұқсастық табу үшін 4 мин уақыт беріледі .Жаттығуды орындағаннан кейін ,жұпбір – бірінің жазған ,өз ойларын айтады .

" Пульс ойыны"

Дөнгеленіп отырамыз .Қатысушылар бір – бірінің қолынан ұстайды . Бір ойыншы ортаға шығады . Жүргізуші " басталды " деген белгі бергенде ойыншылар кезекпен қолдарын қысады . .

Ортадағы ойыншы пульстың қайда кетіп бара жатқанын табу қажет .
Жүргізуші "тоқта "деген белгі береді.

«Достық жайлы сурет» жаттығуы

Оқушылар екі топқа бөлініп, оқушыларға алдын ала даярлаған плакаттар берілді. Оқушыларға достық жайлы сурет салу берілді. Екі топ суреттерін салып қорғап шықты және өздерін бағалады.

Рефлексия

Топ дөңгеленіп тұрып бір біріне жылы лебіздерін, тілектерін білдірді.
Оқушылар жақсы көңіл күйде болғандарын , тренинг жақсы және жақсы әсер алғандарын айтты.







